

«Қазақ мұнайының ардақтылары» атты өмірбаян сериясы экономикамыздың стратегиялық саласы ретінде Қазақстан Республикасын әлемдегі мұнайлы елдердің қатарына қосу жолында өлшеусіз еңбек еткен ардагер мұнайшыларымыздың өшпес есімдеріне арналған.

«Мұнайшы» қоғамдық қоры

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ

Өмірбаян сериясы

Басталуы – 2006 жыл



Жоламан Айдарбаев

МУНАЙЛЫ АЙМАҚТЫҢ АҚИЫҚТАРЫ

Ізбасар Құлжұмыров
Светлана Наушабаева
Лесбай Базарбаев



Алматы 2011

УДК 622.32

ББК 33.36

А 31

А 31

Айдарбаев Жоламан

Мұнайлы аймақтың ақиықтары – Алматы, 2011. 160 б.

ISBN 978-601-80150-5-2

Қазақтың «қара алтынының» қасиетті ордасы Маңғыстау қойнауынан мұнай алынғанына 50 жыл толды. 1961 жылдың 5 шілдесінде Жетібай жерінен қуатты мұнай бұрқағы атылған болатын. Бұл күн Маңғыстау мұнай эпопеясының басталған күні болып есептеледі. Ата және аға мұнайшылардың тарих беттеріне жазған ерлік пен еңбек шежіресі де осы пікірімізді айғақтай түседі.

Республиканың өркендеуі үшін жұмылған қазақ мұнайшыларының алдыңғы сапында белгілі бұрғышылар, геологтар – Избасар Құлжұмыров, Светлана Наушабаева, Лесбай Базарбаевтың келе жатқаны әмбеге аян.

Бұл кітапта өндіріс майталмандарының өмірбаяндары, мұрағаттық құжаттар, еңбек ардагерлерінің естеліктері, ой-толғамдары берілген.

УДК 622.32

ББК 33.36

ISBN 978-601-80150-5-2

© ОФ «Мұнайшы», 2011

*Ерлік пен еңбек іздері немесе белгілі
бұрғышы Тұрғанбай Құлжұмыров
хақында*

ТАҒДЫР

Маңғыстаудың Қараған Босаға аймағы қашаннан қалың елдің табаны болған. Аласа таулы боп келген бұл жер малға қолайлы жайылым, жанға жайлы қоныс. Адай тайпасының Табынай ауылының бір тересі – тоқал Табынайлар осы манды мекендеген. Тұрғанбай шырыл қағып жерге түсіп, көзін ашқалы осы Қараған Босағада. Әкесі Құлжұмыр асқан бай емес, мыңғыртып мал айдамаған орта шаруаның ғана адамы. Маңғыстауды жайлаған даңқы жер жарған байлар көп болған. Жары Назар, Ескелді Саназар, Жаңай Қожаназар есімдері сол атағы асып, даңқы жер жарған малы алдына сыймаған байлар қатарында айтылады. Олардың байлығы жөнінде ауыздан ауызға тарап тамсанып отырып айтылар аңыздардың өзінен жүрегің қозғалып, жан шошырлық. Бұл аталған үш байдың айдаған малының арты Жем өзенінен су ішіп жатқанда, алды Маңғыстаудың кара ойына құлап жатады екен дейді.

Тұрғанбай – төрт ағайынды. Інілері Амандық, Биәділ, Өтебай. Әрқайсысының әкесі Құлжұмыр енші беріп, алдарына салған малы бар орта шаруалар. Балалардың үлкені Тұрғанбай әке шаруашылығына

көмекші. Халықтың негізгі тірлігі осы мал. Әкесі Құлжұмырдан қалған малды Тұрғанбай інілеріне теңдей бөліп берді. Бәрін де отау көтеріп шығарды. Қараған Босағада құдық көп. Сай табанында қаз-қатар орналасқан құдықтардың бірқатары – осы Тұрғанбай, Амандық, Биәділ, Өтебай құдықтары деп айтылады. Ал, әріде оның бәрі Құлжұмырдың атымен аталған. Бертін келе балалары иемденді. Орташа шаруасы бар Тұрғанбайдың өмірі біркелкі өтіп жатқан. Сол тірлікті тағдыр ойламаған жерден өзгертіп жіберді. 1920 жылдан кейін қазақ топырағында Кеңес өкіметі орнап жатты. Қаладан шалғайда жатқан қыр қазағы бұл өзгерісті бірден сезіне қоймаса да, бірден-бірге аласапыран тыныс қырға да келіп жетті. Мұның алдында да жер түбінен дүңк-дүңк естіліп жатқан хабардың енді құлақтың түбіне келіп шекеңді шағардай тарсылдап жатқаны. Жайсыз хабар мың құбылып жетті. Жаныңды қоярға жер таппайсың. Бұл күндері Тұрғанбай осындай күйде болатын. Ойдағы-қырдағы ауылдардың бәрі шошынып, күнде күбініп отырған. Келе жатқан ұлы өзгеріске кедейлер жағы қуанып, үмітпен қараса, байлар қаралай безініп, шошынып отыр. Орта шаруасы бар Тұрғанбай мен інілеріне де бұл жаңалық жайлы тимейтіндей. Әйтеуір, алып-ұшпа аңыз ұйытқып соғып тұр. Ел іші аласапыранға айналды. Байларды жаңа үкімет ұстап әкетіп жатты. Олардың малы кедейлерге бөліске салынды. Жаны талауға ұшырады. Өткен жылы алыстан талып жеткен сарын, енді ақиқатқа айналды. Үріккен елдің алды босып жер ауып көше бастады. Түн жамылып әр жаққа пытырап ығыса бастаған халықты Тұрғанбай күнде көзбен ұзатып салып отыр. Жан біткен кобалжулы, көңіл алаңдаулы. Кімдер Түрікменстанға қарай көше бастаса, тағы бір көш Бесқалаға қарай бет алып маңып барады. Көштер жинақы, сән-салтанатты емес, үздік-создық адасқан, ұшарын жел, қонарын сай білген, бет-бағдары да белгісіз тұйық көш. Қашыппысқан жүдеу көш. Кеше кешке ғана жайлап отырған ауылдардың таңертең жұртын жел ұшырып айдап жатты. Олар қалып бара жатқан ауылдармен, ел-жұртымен, қалған ағайын-тумаларымен қош айтысып та кетпеді. Бір түнде жел айдаған қаңбақтай орнында жоқ болып шығады. Қоңсы отырған ауылдарда олардың мұнысын әбес көрмеді, іздеп-жоқтамады.

– Е-е-е... – десіп отыра берді. Өйткені, олардың өздері де соны күтіп отырған. Сондай бір оңтайлы сәтті өздері де тосулы еді.

Сондай күндердің бірінде Тұрғанбай хабар ала кеткен Үстірт үстіндегі Табынай ауылынан көңілсіз оралды. Айтуларына қарағанда мұндағы ауылдарға үкімет жеткен. Байлардың қол-аяғын кісендеп, байлап-матап әкеткен. Осыдан төрт-бес күн бұрын орташаларды да айдап әкетіп жатқан көрінеді. Он шақты жандығын балаларына күнкөріс талшық қылып отырғандарды да орташаға жатқызып айдауға түскен. Үрерге иті, сығарға биті жоқ жалданып күнкөріс жасап жүрген қу кедейлер де қосақ арасында қоса кетіп жатқанын естігенде Тұрғанбай жағасын ұстады.

– Кедейлерге тимейді екен дегені қайда? – деп қалды.

Елдің айтуы бойынша бала оқытқан молдаларды да байлап-матап әкетіп жатқан көрінеді. Елге аты мәлім ахун-ишандарды сыпырып кеткен. Ас соңынан қол жайып аят қылғандарды да молдасың деп ұстап әкеткенін айтады. Солардың ішінде әліпті таяқ деп білмейтін, қара танымайтындары да бар көрінеді.

Тұрғанбайдың ұққаны – бұрын айрандай ұйып отырған ел іші бұзылған. Бірін-бірі бай, молда деп сыртынан көрсетіп беріп жатқандары қанша. Талай үйлердің іші қаңырап босап, есіктері шегендеулі, иесіз қалып жатқан.

Осы сапарынан шошынып оралған Тұрғанбай жол бойы ой үстінде болды. Бірақ қазір ала-сала қашқанда қайда бармақ, кімді паналамақ. Оны алдынан құтқарып қалмақ боп кім күтіп отыр. Ел-жұртын тастап көшкендердің бәрі де маңдай тірер жері жоқ тек маңып барады. Тұрғанбай осыны ойлап тұйыққа тіреледі. Алды қыс. Ертерек қамдана алмай қалғанына да өкінеді. Соңғы үш-төрт күннен бері күн күрт салқындап кеткен. Күздің өкпек желі маңайдан соғып ауылға зорға жеткен. Әрі жайсыз хабардан көңілі құлазып қайтқан ол әрі салқын тиіп үйге келе құлады. Ойы – не де болса төңіректегі мал-жанын жинақтап алмақ болған. Інілерін шақырып, кеңесуді де ойлаған. Бірақ олай болмады. Ауруы меңдеп, түн баласын кірпік қақпай өткізіп, сандырақтап шығады. Әйелі Төре қожаның қызы. Күйеуіне ем-дом жасап, жақын мандағы ауылдардан емші шақыртып, әйтеуір, өзге дүниенің бәрін ұмытып, күйеуінің жанынан ұзап кетпеді. Мына қысылтаяң заманда аяқ астынан олай-бұлай болып кетсе қайтем деген уайымы да жоқ еместұғын. Елде кітап аштырып, оқытатын да сауатты жан қалмаған екен. Тек әлі Үкіметтің аяғы жете қоймаған Маңғыстаудың қара ойындағы мол-

даларды ат шаптырып, алдырды. Жаңа Үкіметтің дақыртынан қаралай қорыққа олар да келгісі келмей, бой тасалауға көшкен. Қолдарындағы кітаптарын да тауға, үңгірге тығып тастаған олар соны сылтауратып құр қол барғанда не істеймін деп келмеудің амалын жасаған. Бұрын-сонды мұндайды көрмек түгілі, естіп те білмеген Төре амалы таусылып, күдер үзіп отырғанда алыстан ат арытып Аққұл ишан келді. Қалай десе де ол хабар жеткесін бұғып қала алмай ағайындық ретімен, көңіл қимастықпен түн жамылып жеткен. Аққұл ишан – арғы тегі Табынай руынан. Тұрғанбайдың әкесі Құлжұмырмен төрт-бес ата жерден барып қосылады.

– Ағайындығымыздан кем жоқ, тек мына заманның қысымы қолды байлап, аяқты тұсап тастады емес пе? – деп ол келіні Төреге ағынан жарылып жатты.

– Ал мен мұнда ұзақ қала алмаспын, – деп осы түнде қолынан келген ем-домын жасап, таң қараңғысымен кері қайтып кететінін айтты.

Қоржынына сала қайтқан Құран кітаптарын таң атқанша ақтарып, білген оқуын оқыды. Біраз күңіренді. Сосын Тұрғанбайдың аяғынан тұрып, айығып кететінін айтты.

Бұған Төренің көңілі жайданып қалды.

Табынай руының біраз үйі Шопан ата басымен ұлы кіндікте Сайын құдығының басын жайлап отырған. Осы қыстан аман шықса алдағы жазға салып Табынайлар болып Шопан ата басында бас қосып, ақылдасып-кеңеспек ойын айтты. Тұрғанбайға соған қалайда келуді тапсырды.

– Құдай сәтін салып, аяғынан тұрып кетіп жатса барады ғой, – деп қалды Төре.

– Құдай сәтін салар, – деп ол алдында жаюлы жатқан Құран кітабының беттерін қайта жапты.

Аққұл ишан таң қараңғысында үйден шықты. Бұл кезде аспанда жеті қарақшы жұлдызы, терістікке сонау етекке ауып кеткен. Шығыс жақ етек аздап жалқымдала түскен. Мұны ол таң жарығына ұқсатты. Ишан ата таң қараңғысына шомып ұзап бара жатты. Терістік беттен ызғарлы өкпек жел есіп қоя берді. Сонау терістік етектен бір үзік қорғасын қара ауыр бұлт көрінді. Оның ызғары Төренің бетін қарып бара жатқандай болды. Оның тұла бойы дір ете қалды.

Ол ішке кіргенде неше күннен бері көз ілмеген Тұрғанбайдың көзі ілініп кеткен еді. Әуелі түрінің сұры қашып үнсіз қалған күйеуінің мына кейпінен қорқып кеткен Төре аз-кем мүдіріп қалған. Жүрегі дүрсіл-

деп қоя берді. Сосын тақау келіп, оның тынысына құлақ тосты. Кеудесі болар-болмас қозғалып, болар-болмас тынысы бары байқалады. Оның әлгіндегі қаупі сейіліп, көңілі орнына түсті. Ол әлі жасқа толмаған Боранбайын бауырына тартты да күйеуінің тыныстап жатқан күйін жақсылыққа жорып, жүзіне үңіліп ұзақ отырды.

Бұл жылы қоянның қысы ерте түсті. Қорғасын ауыр қара бұлттар ызғырық қара суығын ала келді. Біраз күн жатып қалған Тұрғанбай басын көтергенде жер бетін қар басып, қыс күшіне мініп алған. Өткен жаз құрғақшылық болып, жайылымсыз қысқа күйсіз түскен мал сары шұнақ аяз қысып бергенде оған төтеп бере алмай қырыла берді. Бұл жылы қорасы қаңырап, таяғын ұстап қалғандар көп болды. Сәтіне оралып, Тұрғанбайдан шығын көп бола қоймаған. Өзер аллалап көктемге ұласқан. Бірақ жау жағадан алғанда бөрі етектен алады емес пе? Қоянның қысынан зорға шыққан ауылды Үкімет қайта қыспаққа алды. Жер аяғы кеңі бергенде мал біткен түгел тәркіленіп кетті. Енді Шопан ата құдығы жағында Үкіметтен бүгіп қалған азын-аулақ малын аман құтқарудың жолын іздейді. Оны әзірге жан баласына сездірмей отыр. Тұрғанбай әзірге өзінің қара басы аман қалғанына қуанады. Бірақ бұл да уақытша ғана. Күнде келіп өзін айдап кетуі де ғажап еместі. Енді аялдауға болмайтын. Шопан ата басында өткен табынайлардың мәжілісіне қатысып қайтты. Мұндағы мәслихат – түрікмен елі жаққа Бекдашыны бетке алып, көтеріле көшу керек деп шешті. Бірақ, топтасып көшуге болмайтын. Ел ішінде белсенділер көп, Үкіметке жеткізіп барады. Сондықтан тұс-тұстан пытырай көшкен мақұл көрінді. Тұрғанбай ұлы кіндік құмындағы азғана малын айдап кете беруді тапсырды да өзі жедел жинақталып көшуді ұйғарып қайтты. Бірақ, ауыл адамына сыр тамызбай Шопан атаға ағайындар арасына көшіп бармақ ойын айтты.

Ол осы бағытта ауылға келіп көп аялдамады. Үкімет адамдары екінші қайтара көрші ауылға келіп жатыр дегенді естіп, жедел жолға түсті. Келер таңда алдарынан шыққан бір топ аттыларды көріп, секем алған. Бұлар Шоңай Алшын Меңдалиев бастаған ауыл белсенділері болып шықты. Бұрыннан таныс Тұрғанбайдың қос түйемен көшіп келе жатқанын көріп бағытын білмек болып аялдап тұрған. Мұның алдына елдің шетел асып көшіп жатқанын білген Үкімет елді тұрақтандырып, ұжымшарға ұйымдастырып, отырықшыландыруға жоғары өкімет тара-

пынан нұсқау болған. Кетіп жатқандар ішінде байлар мен молдалардың жақын туыстары болғанымен, олардың ішінде жаңа өкімет саясатын түсінбей, қосақ арасында қоса кетіп жатқан кедейлер де аз еместұғын. Негізінде олардың үркуі бекер болатын. Байлардың азғыруы бар, Кеңес Үкіметінің түпкі саясатын түсінбеген надан ел алып-қашпа, айдап салма сөзге еріп текке қашып жатқандар да жетерлік еді. Сондықтан өкімет арнайы нұсқау беріп, ел арасында түсінік жұмыстарын жүргізіп, колхоздастырудағы мақсатты түсіндіріп, босқан елді кері қайтарып, тұрақтанып қалу тірліктерін жасауға арнайы топ құрып, оларды ел арасына шығарған. Олар көптеген көшті кері қайтарып, пытыраған елдің басын қосып тұрақтандырып та қалдырған. Әйтсе де тұс-тұстан айтпай босып түн жамылып пытырай көшкен елдің басын қосу да оңай шаруа болмай жатқан. Бүгінгі мына Тұрғанбай көшінің алдын тосып тұрған да үкімет шығарған осындай топтардың бірі болатын.

Алшын Меңдалиев оған бұрыннан таныс адам. Оның осы қызметінен де хабары бар. Қазір ол оны алыстан таныған. Бірақ көш жөнінің ақиқатын айтқысы келмеді. Ескі танысы Алшын оған жылы ұшыраса да жанындағы адамдар оған таныс емес. Олардың қандай пиғылдағы адамдар екенін кім білсін. Ендеше, бейтаныс адамдардың көзінше ағынан жарылып, ақиқатын айтуды жөн көрмеді.

– Көш көлікті болсын, – деп Алшын ескі таныстық, аралас-құраластық ретімен жылы амандасты.

– Әлей болсын, – дей салды рет бойынша Тұрғанбай.

Мұнан кейін Алшын өздерінің жүріс-тұрыстарының жәйін айтып келіп, әңгіменің төтесіне көшіп, қаша көшкен көп ауылды кері қайтарғанын айтып, бұлардың қайда бара жатқанын сұрады. Бағытының Шопан ата, Сенек екенін көріп, шамасы өздері де күдік алмағанға ұқсады. Іштей жалған сөйлегеніне, ескі жүз таныс Алшыннан ұяла тұрса да Тұрғанбай ақиқатын ашып айта алмай:

– Шопан атадағы ағайындар арасына барамыз, – деп көзін аударып әкетті.

– Жә, – деп ойлады ішінен – егер Алшынмен оңаша кездесер күн туса, – кешірім сұармын.

Тұрғанбай бұл жолы үкімет адамдарынан жеңіл құтылғанына қуанды. Олар да қатты қаузалап жатпады. Жөндеріне кетті.

Тұрғанбай көші көзден ұзай беріп Шопан атаға жетпей құбылаға қарай жалт бұрылды. Бұл кезде күн ұлы бесіннен ауып бара жатқан.

Алды кеш, енді оларды ертең жарық түскенше ешкім қуып жетпейді. Ендеше, оған дейін асып кетуге болады. Бүгін Кендірлі жеріне бір іліксе, ертең Бекдашыға қарай қара үзіп кетсе де, қауіп азаяр еді. Сондықтан, аялдамай түнімен суыт жүріп отыруды ұйғарды. Кеш туған ай бағыт-бағдар алуға, жол табуға жәрдемдесіп келеді. Бірақ сайрап жатқан жол жоқ, соқпақ та кездесе бермейді. Сиректеу малдың болар-болмас соқпақ ізі пайда бола кетеді де, артынан жан-жаққа жалт беріп адастырып кетеді. Астындағы аты да қажыған сыңай танытады. Жүк артқан екі інген түйе еңкілдеп бір жүрісінен танбай келеді. Тұрғанбайдың баласының үлкені тоғыз жасар Әділ шаршаса да үн жоқ түйеге теңделген кебеже ішінде телмірумен келеді. Алты айлық Боранбайды кебеже ішіндегі Әділдің қолына беріп қойған. Жол соғып Төре оны емізе де алмай келеді. Ашыққан бала кешке қарай оқтын-оқтын жылай беретін болды. Мұндай кезде көшті доғарып, Төре баланы емізіп алар еді де, сосын баланы кебежедегі Әділдің қолына беріп, көш қайта қозғалар еді. Кешке қарай жиі жылаған баладан Төренің де мазасы кетті. Жиі тоқтағаннан көштің де жүрісі өнбеді. Күні бойы ас ішпеген Төренің кеудесі баланы жарытпай, аш бала жиі жылайды. Көш жиі тоқтаған сайын Тұрғанбайдың қаупі күшейе түседі. Ол қалай да осы таңда Кендірліге ілігуді ойлайды. Жарық түсе жақпарлы жағаның бір биік тұсына кеп аялдады. Бұл жерде күнұзағына көзге түспей тасалап, кешке қайта қозғалды. Әзірге жолы болып, бұл күннің тыныш өткеніне қуанды. Келесі түнде Темірбабадан, үшінші күні Ожабай тамның тұсынан өтті. Бұл маңда көп ел кездесе бермейді. Жеті қарақшы жұлдыздары төбеден ауып бара жатқан шақта сол жақта Ожабай қорымы айлы түнде қарауытып қалып барады. Бұл қорым Маңғыстауда жын-шайтанның көптігімен аты шығып, аңызға айналып кеткен. Жеті жұрт келіп, жеті жұрт көшкен Маңғыстауға қазақтың Адай тайпасының келіп қоныстанғанына шалдардың айтуына қарағанда екі жүз жылға жете қоймаған. Оғыздар мен дайлар, қалмақтар, ноғайлар, тағысын тағылар мекендеген, түрікмендер жайлаған. Соңғы жүз жетпіс жылдай бұрын Адайлар Сырдария, Ойыл, Сағыз, Жем бойынан бері ығысқан. Адайлар жайылым жер үшін бұрын жайлаған түрікмендермен қақтығысып қалып отырған. Сондай бір кезекті қақтығыста осы арада Адайлар қолға түскен түрікмендерді тірілей тікесінен көміп кеткен деп айтады. Шамасы осылайша тірілей көмілген Ожабай құр кісі болмаса керек.

– Өлсем де бұл маңнан өткен қазақты тегін жібермеспін, – депті-мыс.

Сол айтқаны келіп, бұл маңнан арлы-берлі өткен қазақтарға көздеріне әрнәрсе болып елестеп, жын-шайтан көрінедімыс. Айтылмыш аңыздарға қарағанда адамдарды әр нәрсе боп көрініп, арбап ертіп әкетедімыс. Тұрғанбай мұндай әңгіменің талайын естіген. Оның ішінде сенетіндері де, сенбейтіндері де бар. Әйтсе де жын-шайтан көрінеді дегенге көбірек құлақ қояды. Сондықтан да болар қазір ол түн жамылып қорым тұсынан өтіп бара жатып, төңірегіне елеурей караумен болды. Бірақ, бұл жолы ештеме көрінбеді. Әйтеуір жолы болып, әзірге қауіпті деген тұстың бәрінен аман өтіп келеді. Осылайша жарты айдан артық жүріп Бекдаш жеріне де ілікті. Сұрастыра келе бұл жерде Маңғыстаудан көшіп келгендер көп болып шықты. Олар әр тұста ауыл-ауыл болып бас біріктіріп отырған. Әзірге інілері Амандық, Биәділ көшіп келе қоймапты. Ал, ең кіші інісі Өтебай осы арамен көшіп, Сұлмен деген жерге қарай өтіп кеткенін айтады. Бірақ, қай жерге, қай ауылға тоқтайтынын айтпаған.

Бұл арадан Қарабұғаз көлі қашық емес көрінеді. Ол жерде тұз шығаратын өндіріс орны бар. Осы бөлек-бөлек ауылдың бәрі төңірегі жайылым – малға қоныс екен де, әрі адамдары жақын мандағы тұз кәсіпшілігіне қатынап жұмыс жасайды екен. Кәсіпшілікке жұмысқа тұрғандар азын-аулақ жалақы-ақша алып, әрі малымен күнкөріс жасауға қолайлы. Мұнысы Тұрғанбайға ұнады. Бірақ ауылдардың көбейіп кеткені соншалық, бас сұғар жер қалмаған. Құдай ондағанда Тұрғанбайдың өткендегі үкіметтен бүгіп қалған азын-аулақ малы аман жетіпті. Енді, кеткен малға өкінгеннен пайда жоқ. Не де болса қалғанының берекетін берсін деп тілеуден өзге ештеме қалмаған. Енді осы малмен орналасып қалу жағдайын жасауы керек болатын. Сұрастыра келе Қызылсуға қарай сәл ілгеріде Сүйген деген жер малға да, жанға да қолайлы деп естіді. Тұрғанбайға төңірегі аумақты, тұз кәсіпшілігі де қашық емес бұл жер ұнады. Өтебайдан қара үзіп қалды да, Амандық пен Биәділді осы арадан күтуді ойлады. Інілерін жанына алып бір жерде ұйысып отыруды қалады. Оған осы араны қолайлы деп білді. Солай болып шықты да. Өзі тұз өндірісіне орналасты. Бұл жақта да жаңа үкімет орнап жатқанымен, жағдай Маңғыстаудағыдай емес, аздап та болса тынысы кең, оңды-солды қамап, айдап жатқан жоқ.

Құдай оңдап артта қалған інілері Амандық пен Биәділ де аман жеткен сол жазда. Маңғыстау беттен бұл жаққа кейін көшіп келгендер

мұнда тұрақтамай Қызылсуға қарай, одан да әрі тереңдеп кетіп жатты. Бәрі де қайда барып тірелерін білмейді. Әйтеуір, ұшарын жел, қонарын сай біліп жел айдаған қаңбақтай ығып барады. Кейін естігендері – олардың алды Түрікмен жеріне тыс тереңдеп, сонау Байрамалы жеріне дейін барып, қайсыбір үлгергендері Иран жеріне өтіп кетті деп айтады. Ал, Тұрғанбай інілерін жинап осы маңда қалды. Бастапқы тоқтаған жері Сұлмен де жер ауып келген қазақтар үшін тұрақты қоныс бола алмады. Тағдыр оларды жұрт аударуға итермелей берді. Әр жерде екі-үш жылдан артық тұрақтай алмай, Сұлмен, Сүйген, Қошоба жерлерін мекен етті. Жер ауған көші-қонның, жайсыз тұрмыс-тіршіліктің ақыры шаңырақты бірде қайғыға батырса, енді бірде қуанышқа кенелтті. Қайғыға батқаны – Тұрғанбайдың тұңғышы Әділдің оқу оқып, мектепте мұғалім болып тұрып, ел қатарына енді іліндім-ау деп, қара бұлттың басынан ауғанына қуанып жүрген шағында, жиырма екі жасында кенеттен ауырып қайтыс болғаны еді. Бірде жылатқан құдай енді бірде кезегі келгенде шаттыққа бөлеп, қуанта да біледі. Жасы жер ортасынан ауған шағында Тұрғанбай мен Төренің шын жылаған көз жасын құдай көріп, тілегін ағынан берді. Әділі қайтыс болғаннан соң көп ұзамай бұл кезде аяғы ауыр Төре айы-күні жетіп отырған Төре аман-есен босанды. Бұл – 1941 жылдың он алтыншы наурыз күні болатын. Бұл – амалдың үшінші күні еді. Көріс-біліс әлі аяқтала қоймаған шақ. Красноводск қаласының шығыс беті іргесінде орналасқан Жаңға кенті – негізінен қазақтардың көп шоғырланған жері. Тұрғанбай Сүйгеннен бұл жерге өткен күзге салым көшіп келген. Бұл кезде он төрт жасындағы Боранбай ауыл үйлерін аралап сүйінші сұрады.

– Тұрғанбайға жасаған ием шынымен берген екен, – десті жанашыр ауыл адамдары.

Бұл күні Тұрғанбайға өткен қайғысын ұмыттырып жібергендей болды. Жаратқан ием Әділін алса да орнына ізбасар берді ғой. Ендеше сәбидің есімі Ізбасар болсын, – десті ақсақалдар жағы.

– Болсын, – деді олардың сөзі көңілінен шыққан Тұрғанбай.

– Ал, ендеше, сәбидің есімін жариялап жар саламын, – деді төрде отырған ақсақалды аққұба шал жөргегінде қыңқылдай түскен қызылшақа сәбиді орауымен өзіне тартып жүзіне үңіліп.

«Рұқсат» дескендей жағалай отырғандар тым-тырыс бола қалды. Осы сәтте әлгіндегі аққұба қарт сәбидің оң құлағын түріп жіберді де:

– Сенің есімің Избасар болады, Избасар, Изба-са-а-ар!» – деп жар салды. Оның қоңыр даусы қараша үйдің шаңырағынан әуелей ұшып, сонау шексіз көк аспанға қалықтап жатты. Мұны естіген көрші үйлердің адамдары қазір осынау қуанышқа ортақтасқалы осында беттеген. Әпсәтте қараша үйдің іші толды да кетті.

– Кеткеннің ізін басты ғой. Құтты болар, – десіп қау-қауласқан қариялардың батасы бұл күні Тұрғанбайдың шаңырағын көкке көтеріп кетті.

ТҮРІКМЕН ЖЕРІНДЕ

Өмірде қайғы мен қуаныш қатар жүреді. Оны Тұрғанбай өз басынан өткерді. Жер ауып түрікмен топырағына келгелі тұрмыс-тіршілігі бірқалыпты өтіп келеді. Мұнда да Кеңес үкіметі орнаған. Бірақ, ел ахуалы Маңғыстаудағыдай емес, бірқалыпты өтіп жатыр. Мұнда айдап кетті, алып кетті хабары анда-санда бір-жары ғана болмаса көп естіле бермейді. Әйтеуір, сен байсың не орташасың деп жатқан ешқайсысы жоқ. Халқы бірін-бірі сыртынан көрсетіп ұстап беру де жоқ сияқты. Жер ауып босып келген халыққа бұл тыныш өмір ұнайтындай. Әркім тірлігіне орай әр жерде мекендеп отыр. Тұрғанбай да көппен бірге осы тірлігіне риза. Бірақ, қонысы жайлы болып тұрған жоқ. Бір жерде азын-аулақ қолға ұстаған малының жайылым жайы келмесе, енді бір жер балалардың оқу жайына үйлесе бермейді. Тағы бір жер де үй жандарының жағдайына қолайлы болмай шығады. Соңғы жайғасқан жері Жаңғада қолайлы жұмыс таптырмады. Бұл арада бір жылдай қоныстанды да келер жазда Красноводск қаласына көшті. Мұнда дайын тұрған үй жоқ. Қаланың тау жақ шетінде ығы-жығы салынған қаптаған сабан-кірпіш үйлер. Сол құжыралар арасынан, әйтеуір бір бөлме баспанна тауып кірген. Бұл – 1949 жыл болатын. Тұрақты қоныс болмай үнемі көші-қонмен жүрген Тұрғанбай бұл жерге де әзірге амалсыздан келген. Биыл сегіз жасына толған Избасарын қалай да мектепке беріп оқытуды ойлады. Избасары оқуға қабілетті болып шықты. Көрген жерде ұстаздары ол жөнінде жақсы пікір айтады. Айтылғанды қағып алады. Оқуға зерек. Тек үйде оқуын қадағалап, үй тапсырмасын орындауын мұқият қарап отыру қажеттігін айтады. Бірақ ескіше хат танығаны болмаса орыс әріптерін танымайтын Тұрғанбай осы тұста қиналады. Ендігі бар сенері – Боранбай ғана. Бірақ бұл кезде отау құрып бөлек кет-

кен ол, сонау Жаңғадан қалаға күнде қалай қатынай алмақ? Өз қабілеті арқасында Ізбасар ол қиындықтан Тұрғанбайды өзі құтқарды. Бастауыш сыныпта ол мектепте мақтаулы балалар қатарында болды.

Тұрғанбай үшін бұл жер де тұрақты мекен бола алмады. Кесек кірпіштен құйылып салынған қуықтай тар да жалғыз бөлмеде тұрақты өмір сүру мүмкін болмады да Жебел жаққа қарай ығысқанды мақұл көрді. Мұнда Небит-Даг қаласы мен Жебел елді мекенінің аралық тұсында азғана үйден тұратын он бірінші разъезд деп аталатын ауыл бар. Бұл азғана үй – теміржолшылардікі болып келеді. Бұл жер малға қолайлы, оңаша, мал еркін жайылады.

Маңғыстаудан ауғалы Тұрғанбайдың көп отырған жері – осы болар-ау. Мұнда бәрі де жақсы еді. Ізбасарының оқуына Жебел қашық емес. Ауылдың шығыс іргесінде тиіп тұр. Бұл кезде Ізбасар сегізінші сыныпта оқып жүрген. Әке де, анасы Төре де Ізбасарының сұңғақ бой тартып, көзге түсіп өсіп келе жатқанына қуанатын. Тіптен екеуі оңаша қалған сәттерінде баласына болашақта келін болуға кімнің қызы сай келетінін де ойласып, армандап қояр еді. Ана пәленшенің қызы шаруаға қол емес, түгеншенің қызы көрік десең көркі бар, есікке жарасымды бала десіп, тағы бірде одан да айнып қалып, енді таңдау шөбі үшінші, төртінші біреулеріне ауысып, ақыр аяғы екеуінің таңдауы кереғар келіп, енді бірде керілдесіп те қалар еді. Мұндайда Төре өз таңдауынан қайтқысы келмей төсегінде аунап түсіп теріс қарап жатып, көзі ұйқыға кетер еді. Бірақ ана да арманына жетпей кетті. Соңғы жылдары жиі білдіріп жүрген ауру ақыры меңдеп алғанды. Әбден құрсаулап меңдеп алған сырқат ақыры жеңді. Айналдырған құдай алмай қоймады. 1957 жылы анасы дүниеден өтті. Бұл кезде Ізбасар сегізінші сыныпта оқитын. Анасы ауыл сыртындағы кішігірім қауымға қойылған. Анасын ұмыта алмаған Ізбасар таңертең мал шығарып бара жатып та, кешке малдың алдынан шығарда да әйтеуір тұсынан өтіп бара жатып та, келе жатып та жаңбыр шайып, жел мүжіп келе-келе жермен-жексен болып бара жатқан сары төмпешікке бір соқпай өтпейтін. Бастапқыда үйіліп жатқан төмпешік жылдар өте кішірейе берген. Қайсыбір назырқаған күндері Ізбасар осы төмпешік басына кеп көзіне жас алып ұзақ отырар еді. Бірақ анасының енді тұрмасына көзі жетіп әбден шаршағаннан кейін торығып, ауылға беттеген мал соңынан ілбіп қайтатын. Бұл кезде әкесі Тұрғанбайдың жасы тоқсанға келіп қалған. Кәрі шаңырақты үлкен ұлы Боранбай өз қолына алған. Ол Қотыр Төбеде, Вышка, Челе-

кен, Құмтау мұнай кәсіпшіліктерінде жұмыс жасады. Үлкен шаңырақта қалған қартайған әке мен әлі мектеп бітірмеген, өз қолына жетпеген інісі Избасарды ол ойынан бір сәт те шығарған емес. Қолы босаған сәттерінде жағдайларын біліп, хабар алуға осында жететін. Әйелі Мешен кемі жоқ жақсы адам. Қашанда құлағын түріп атасы мен қайнысының жағдайын біліп, Боранбайдың қолы тимеген күндері жұмысын тастап та болса өзі келіп тұратын. Ел-жұртқа шал мен баланы қараусыз қалдырды дегізбеді. Бұл кезде тоқсанды алқымдап қалған, әрі жылдан-жылға ескі сырқаттары меңдеп бара жатқан Тұрғанбайдың да жай-күйі айтып келе жатқан қауіп екені белгілі болатын.

Избасар 1958-1959 жылдары мектебін Небит-Даг қаласында жалғастырып бітірді. Қалада №5 қазақ орта мектебі бар. Ол қаланың шығыс жақ шетінде орналасқан. 1959 жылы ол осы мектепті ойдағыдай бітіріп шықты. Бірақ оқуын жалғастыру ойында болғанымен оған жағдай келмейтіндігін өзі де іштей ойлап-пішетін. Боранбай ағасы алыстан қарасқанымен күндегі тіршілік оның қолын байлап тастаған.

– Еңбек ету керек, – деп түйді ол.

Енді қала ішіндегі кәсіпорындарды аралап жұмыс іздеді. Біраз уақыт жүріп қалса да ақыры ағаларының арқасында жұмыс табылды. Қаланың батыс жақ шетіндегі автогаражға автослесарь болып жұмысқа орналасты. Мұнда автослесарь елулерді алқымдап қалған орыс шалының жанына қосып қойды. Жұмысы апарып таста, алып кел, автомашина аяғының байкілерін оңға бұра, солға бұра. Оның қай-қайсысы да Избасардың күші келетін болғанымен арасында бұрын дағдыланбаған жұмыстар да кездесті. Аш, жап дегендеріне не түсінбей, не сасып қап аш десе жауып, жап десе ашып алатын кездері де жоқ емес. Кейін келе-келе бұған да дағдыланды. Кейін оны жоқтатпай, жеңіл-желпі жұмыстарды өзі де тындыра беретін болды. Қайсыбір тапсырмаларды өзі бітіріп қойғанын көріп орыс шалы риза болар еді. Оның тиянақтылығына көңілі толатын.

– Молодец, Избасар, – деді ол, мұның иығынан қағып, – сен қазірдің өзінде-ақ дайын механиксің.

Балаң көңіл бұл мадаққа марқайып қалатын.

Бұл кәсіпорында Избасар жарты жылдай ғана еңбек етті. Алғашқы табысын әкесінің қолына әкеп салғанда әке қуанышында шек болмаған.

– Менің көзім тірісінде үйге келін әкеліп, мына шаңырақты құлатпай ұстап қалсаң – ендігі арманым сол, – дейді әке ұлына.